



**ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

## **АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**

**Валюталық түсімдердің 30%-ын міндетті сату нормасын  
2025 жылдың 1 қаңтарына дейін тоқтату туралы**

*Астана қ.*

*2023 жыл, 21 тамыз*

Қазақстан Республикасының Үкіметі валюта нарығының теңгерімділігін ескере отырып және квазимемлекеттік сектордағы компанияларға валюта ағындарын басқару кезінде мүмкіндіктерін кеңейту үшін валюта түсімдерінің 30%-ын міндетті сату жөніндегі норманы тоқтатты. Бұл шешім 2025 жылдың 1 қаңтарына дейін күшінде болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі бұл шараны алғаш рет 2020 жылы сыртқы жағдайлардың нашарлауына байланысты қолданған еді. 2023 жылдың ақпан айында міндетті сату нормасы 75%-дан 50%-ға дейін, ал 2023 жылғы шілдеден бастап 50%-дан 30%-ға дейін төмендетілді.

**БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:**

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)